

Биттер отряды

Жоспары:

1. Биттердің табиғатта таралуы
2. Биттердің түрлері
3. Биттердің адамға және жануарларға тигізер зияны



Биттер-ұсақ,қанатсыз насекомдар.Олардың көптеген түрлері белгілі.Иесінің денесінде паразиттік тіршілік етеді.Адамдарда бас биті,киім биті және қасаға биттері кездеседі (72 сурет)
Бас биті - *Pediculus humanus capitis*, адамдардың шашында кездеседі. Мөлшері 2-3 мм. Басы кішкентай, екі мұртшасы, екі жай көздері, тесіп сорушы ауыз аппараты болады

Сравнительные размеры



Көкірек бөлімінде 3 жұп аяқтары кездеседі, аяқтарының ең соңғы буылтығының мықты дамыған тырнағы болады, ол алдыңғы буылтықтың өсіндісімен бірігіп, қысқышқа ұқсас қан соратын құрылым пайда етеді. Осы құрылым арқылы биттер шаштарға да жабысып тұрады.

Құрсағы көкірек бөліміне қарағанда кеңдеу, 10 буылтықтан тұрады. Шала түрленіп дамиды.



Бас биті — сүзек ауруының қоздырушысын таратады және эктопаразит ретінде педикулез ауруын дамытады.

Алдын алу шаралары. Тазалықты сақтау - мезгіл-мезгіл моншаға түсу, киімдерді, бөлмелерді таза ұстау.

Человеческая вошь (увеличение в 80 раз)



Киім биті - эктопаразит және кайталама сүзегінің таратушысы болып саналады.

Алдын алу шаралары. Бас битіне ұқсас.

Қасаға биті - *Phthirus pubis*, қасағадағы жүндер арасында, қаста, кірпік арасында кездеседі.

Мөлшері 1-1,5 мм, 26 күн өмір сүреді. Эктопаразит, ауру қоздырғыштарын таратады.

Тарихы[[өңдеу](#)]

Биттер – Ежелгі қытайлардың наным бойынша алғашқы алып адам [Пань–гудың](#) денесіндегі паразиттер, ол өлген соң адамдарға айналған. Орта ғасырда Еуропада биттерді «құдайдың меруертi» санаған, олардың бойында «христиан қаны» бар, олардың негiзгi қасиеттi белгiсi өмiр бойы жуынбау едi. Бiр – бiрiнен бит iздеу олардың достық белгiсi едi. Италияндық поэт [Джамбаттиста Марино](#) (1569-1625) өзiнiң өлең жолдарында өзiнiң ғашығының. «Бит және бүрге» ағайынды Гриммдерман ертегiсiнде бит су тасқынына себепшi болады. Биттiң жоқ болуы Украинада жаман белгi саналды, ерте өлiмдi бiлдiрдi. Орыстар арасында биттерi көп жай адам бақытты және жолы болғыш саналды. Бұны орыстардың мақал – мәтелдерiнен көруге болады: «Бит бар жерде береке бар». Түс жорушы Миллердiң айтуынша, түсiнде бит көрсе, қайғы мен қасiреттi, жағымсыз оқиғаларды бiлдiредi екен, ал славяндықтар наным бойынша, керiсiнше, түсiнде бит көру байлық пен ақшаны бiлдiредi. «Осыдан 100 жыл бұрын Гарденбургтiк шведтер бұл жәндiктiңтiң көмегiмен губернатор сайлауын өткiздi», - деп жазды П.И.Мариковский. Бұл орынға дәмелiлер үстелдi жағалай отырып, тура ортасына орналастырылған бұл жәндiкке сақалдарын төседi. Кiмнiң сақалына бұл жәндiк өрмелеп шықса, сол бургомистр болып сайланатын болған. Г.К.Честерон (1874-1936) өзiнiң әлеуметтiк «Бит, шаш және билiк» эссесiнде ағылшындық пiкiрдi қозғады, бит жабыспас үшiн кедей отбасының қыздарының шашын өсiруiне тыйым салған. Паразиттердiң пайда болуының шынайы себебiмен үкiмен күресудiң орнына, кедей отбасы ата – аналарына көп мөлшерде айыппұл төлеттi, - деп жазды автор



Биттердің түрлері [\[өңдеу\]](#)

Биттің 300-ге жуық түрі белгілі. Олар 3 тұқымдасқа бөлінген:

[Гематопид](#) тұқымдасына (лат. *Haematopidae*) [жылқы](#), сиыр, [қоян](#), [бұғы](#), шошқа, т.б. жануарлар биті жатады;

[Тікенекті биттер](#) суда тіршілік ететін омыртқалы жануарларда кездеседі, мысалы, [итбалық биті](#);

[Педикулиттер](#) тұқымдасына жататын биттер, тек адамдар мен маймылдарда масылдық [тіршілік](#) етеді.

Адамда биттің 3 түрі кездеседі:

[бас биті](#) (лат. *Pediculus capitis*)

[киім биті](#) (лат. *P. vestimenti*)

[шап биті](#) (лат. *Phthirus pubis*).



Сүтқоректі жануарлардың Биттері адамға ауыспайды және олар әр түрлі жануарлардың өзіне ғана тән болады. Бит денені қышытып мазасыздандыруымен қатар, аса қауіпті жұқпалы аурулардың (бөртпе, сүзек, оба, туляремия) қоздырғыштарын таратады. Биттеуді (педикулез) болдырмау үшін тазалық сақтау қажет^[1].



Назар аударғандарыңызға

Рахмет